

**Акушерия ғылымының даму тарихы.
Қазақстан Республикасындағы акушерлік-
гинекологиялық көмекті ұйымдастыру.
Акушерия және гинекологиядағы
деонтология.**

Асс. ТАНЫШЕВА Г.А.

Акушерлік ғылым жүкті және босанған әйелдерге дәрігерлік көмек көрсететін медицина ғылымының бір саласы.

Бұл ғылым ұрықтану, жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңдердегі әйел организміндегі физиологиялық және патологиялық құбылыстарды және жүктіліктің, босанудың асқынуларын, емін және алдың алуды зерттейді.

Accoucher-

босанудағы көмек

Гинекология

әйел организмінің қалыпты арнайы қызметі мен әйелдің анатомо-физиологиялық ерекшеліктерімен байланысты ауруларды, олардың алдын алуы мен емін оқып зерттейді.

Гупе – женщина

Акушерия бөлімдері:

- 1. Жүктілік физиологиясы мен патологиясы**
- 2. Босану мен босанғаннан кейінгі кезеңнің физиологиясы мен патологиясы**
- 3. Оперативті акушерия**
- 4. Ұрық пен нәрестенің физиологиясы мен патологиясы**

Акушерия ғылымының дамуы мен тұрақтану кезеңдері

I. кезең – ғылыми дамуға дейінгі, эмпириялық, халық медицинасы кезеңі

II. кезең – ғылыми даму кезеңі

Тас ғасырында

босануға көмек көрсетілгені туралы мәліметтер бар, оны тәжірибелі әйелдер, бақсылар, шамандар көрсеткен.

- XV-XVI ғасырдағы акушерия тарихқа Андрей Везалия, Г. Фаллопия, Д.Ч. Аранцио аттарын сыйлады. Акушерияның даму орталығы Франция болды.

- Ғылыми акушерия тарихында XVIIғасыр ерекше орын алады.
- Бұл кезеңде маңызды қорытынды жасалған: «плод в матке живет не душой матери, а своей собственной жизнью».
- Осы уақытта Ф.Морисо, Г. Девентер, Чемберлен жұмыс істеді.

XVI – XVIIff. – Франция. Германия. Англия.

Парижде алғашқы акушерлік клиникалар ашылды. Алғашқы акушерлік мектептер ашылды.

XVII. ғ. – Акушерлік қысқаштар ойлап шығарылды. Жамбасты өлшеу қолданылды.

XVIII. ғ. – Ресейде акушерияның дамуы.

Н.Максимович – Амбодик – орыс акушериясының атасы.

XVII. в. – А.Я.Крассовский босану механизмі туралы оқуды жасап шығарды.

И.П.Лазаревич., Н.Н.Феноменов.

XVII. в. – В.В.Строганов эклапсияның емінің принциптерін жасап шығарды.

- XIX ғасыр акушериясы:
 - К.М.Бэр 1827 жылы адам жұмыртқа клеткасын ашты.
 - Төменгі жатыр сегменті туралы ғылым дамыды,
 - әйел жамбасы туралы ғылым құрылды дамыды,
 - тәжірибеге асептика және антисептика енгізілді.
 - Дж.Симпсон акушерияға наркозды енгізді, классикалық корпоральді кесар тілігі техникасы құрастырылды.

Қазақстан

Алғашқы акушерия және гинекология кафедрасы Алматының мемлекеттік медицина институтында 1935 жылы ұйымдастырылды.

Акушерлік мамандарды дайындау

1. С.Асфендияров атындағы АММУ
2. Қарағанды мемлекеттік медакадемия
3. СММА
4. ҚазММА
5. М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстандық мемлекеттік медакадемия
6. О-ҚММА
7. АБДҚРҒЗО (ана мен бала денсаулығын қорғаудағы Республикалық ғылыми-зерттеу орталығы)

Қазақстанның ғалым акушер-гинекологтары

- А.И.Малинин – АММИ акушерия және гинекология кафедрасының меңгерушісі, алғашқы профессор
- Я.С.Кленицкий – профессор, АММИ кафедра меңгерушісі
- Профессор Утегенова К.Д.
- Профессор Мурзалиева Х.Е.
- Профессор Аманжолова Р.С.
- Профессор Нугманов С.Н.
- к.м.н., доцент Козбагаров А.А. – СММА-ның акушерия және гинекология кафедрасының алғашқы меңгерушісі

Ана болу

*– табиғат алдындағы әйелдің
басты міндеті*

К.Ф.Славянский

Акушерия гинекологиялық
қызметтің мақсаты –

жүктілікті көтеру қабілетін,
жүктілікті уақытына жеткізу
және дені сау бала туу үшін
әйелдердің репродуктивті
деңсаулығын сақтау

Қызметі:

1. Жүктілерді есепке алу - диспансеризация
2. Жүктіліктің асқынуларың алдын алу, ана мен бала аурулары мен өлімін алдың алу.
3. Қалаусыз жүктілікті болдырмау.
4. Барлық әйелдер тұрғындарды есепке алу - диспансеризация.
5. Әйел өміріндегі барлық кезендердегі репродуктивті жүйенің ауруларың алдын алып емдеу.

ДДСҰ беруі бойынша (2001г.),
әлемде жыл сайын 200 млн әйел
жүкті болады, олардың 137,6 млн-ы
босанумен аяқталады.

Жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезең әйел өмірінің ұзақтығының 0,5 % құрайды, әйел өлімінің көбі осы уақытқа келеді өмірдің жалғасындағы 30 жылмен салыстырғанда.

Дүние жүзінде күн сайын жүктілік пен босануға байланысты 1400 әйел, жыл сайын 500 000 әйел өледі.

***Акушерлік – гинекологиялық
мекемелер түрлері:***

1. Фельдшерлік-акушерлік пункт
2. Отбасылық дәрігерлік амбулаториясы
3. Негізгі әйелдер кеңесі
4. Перзентхана
5. Перинаталдық орталық
6. Акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығы
7. Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы

ФАП – дәрігерлік көмекке дейін бірінші рет ауыл тұрғындарына емдік-профилактикалық көмек көрсететін медициналық мекеме. Ауыл тұрғындарының арасынан жүкті әйелдерді, гинекологиялық ауруларды анықтап, олардың денсаулығын бақылайды.

ОДА – жасөспірімдерге, тұңғыш рет жүкті, босанатын, босанғаннан кейінгі және гинекологиялық аурулары бар әйелдерге дәрігерлік көмек көрсететін мекеме.

Алғашқы медико-санитарлық көмектің негізгі номенклатуралық медициналық мекеме.

Негізгі әйелдер кеңес орны

НӘКО - әйелдерге акушерия-гинекология көмегін көрсететін арнайы мекеме. Бұл мекеме жеке немесе перзентхананың, орталық аудандық аурухананың, кеңестік-диагностикалық емхананың бөлімі болады. Сонымен қатар, жоғары дәрежелі "қауіп-қатер" тобындағы әйелдерге екінші сатыда арнайы көмек көрсетеді.

«Неке және жанұя» кеңесі

Жанұя – некедегі қарым-қатынастардың бұзылуына әкелетін жағдайлар мен аурулар кезіндегі кеңестік, емдік және алдын алу шараларын жүзеге асырады.

- *ОАА (орталық аудандық аурухана). Бұл мекемеде төмен дәрежелі “қауіп-қатер” тобындағы әйелдреге мамандандырылған дәрігер көмегі көрсетіледі.*
- *Қалалық және облыстық перзентханалар: орта дәрежелі “қауіп-қатер” тобындағы әйелдерге арнайы акушерия көмегі көрсетіледі.*

ПО – кеңестік, әдістемелік және оқу мекемесі.

Қала және облыс тұрғындарының жоғары дәрежелі “қауіп-қатер” тобындағы әйелдерге акушерия-гинекология көмектерін көрсетеді.

Акушерия-гинекология кафедрасының қызметкерлері оқу барысын жүргізумен бірге, клиниканың дәрігерлеріне әдістемелік нұсқау, жоғары дәрежелі “ қауіп-қатер ” тобындағы әйелдерге кеңес береді.

Акушерия, гинекология және
перинатология ғылыми орталығы.

Бұл орталық Қазақстан Республикасында
акушерия-гинекология көмегін жоғары
сатыда ұйымдастыратын, емдік-
профилактикалық жұмыстарды,
ғылыми-зерттеу жұмыстарын
басқаратын, жоғары дәрежелі мамандар
дайындауды және шет мемлекеттермен
байланысты қамтамасыз ететін бас
мекеме.

Ана мен баланың ұлттық ғылыми орталығы

**ҚР ана мен бала
денсаулығын сақтауда
жоғары мамандырылған
медициналық көмекті
көрсетуде баты мекеме**

«... Считаю необходимым добиться результативности и повышения качества медицинских услуг путем пересмотра механизмов управления, финансирования, координации и контроля в сфере здравоохранения»

Из Послания Главы государства народу Казахстана
«Новый Казахстан в новом мире»



ҚР Перинаталдық көмекті көрсету деңгейлері

- Босанудағы көмек көрсету жүйесінің мүмкіндігін рационалды қолдану арқылы перинаталдық көмектің сапасын көтеру
- ҚР жеке аймақтарында ана мен баланы қорғау мекемелерін перинаталдық көмекті көрсетуіне байланысты 3 деңгейге бөлу

**Перинаталдық көмекті
көрсетудің бірінші деңгейде**

**Мекемелер асқынбаған
жүктілік пен мерзіміндегі
босанумен әйелдерге
арналған.**

Перинаталдық көмекті көрсетудің екінші деңгейде

Мекемелер асқынбаған жүктілік пен уақытынан бұрын босанумен мерзімі 34 аптадан жоғары болса және ҚР ДССМ 335 бұйрығында көрсетілген жүктілер, босанушылар немесе босанған әйелдерге арналған.

Перинаталдық көмекті көрсетудің үшінші деңгейде

Мекемелер перинаталдық патологияның жоғары қауіпі мен, уақытынан бұрын босану мерзімі 22-34 апта болса/33 апта+6 күн/ әйелдерді госпитализациялауға арналған.

Деонтология міндет
туралы оқу

Медициналық деонтология
медицинадағы міндет туралы
ҒЫЛЫМ

Акушериядағы деонтология
бул босануға көмектесетің
мекеме қызметкерлерінің
жумыс барысында
адамгершілік және әдептану
принциптерін сақтау

А.П. Чеховтың “Дәрігердің
ақылы айқын, рухани таза,
келбеті тиянақты болу
керек” дегені акушер
гинекологтарға қатысы аса
тікелей болады

Акушериядағы пациенттерге көмек көрсету ерекшеліктері

- Арнайы қолданатын зерттеу әдістерінің ерекшелігімен
- Сақтандыру қорғау тәртібінің сақтау қажеттілігімен
- Дәрігерлік құпияны сақтау аса маңызды қажеттілігімен

ДӘРИС АЯҚТАЛДЫ.

КӨНІЛ ҚОЙЫП ТЫҢДАҒАНДАРЫНА РАХМЕТ!

